



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2021 жылғы 19 наурыздағы

47

№

Орал қаласы

город Уральск

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2021 жылғы 17 ақпандағы №19 «Батыс Қазақстан
облысы бойынша бәсекелес ортаға беруге жататын
коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесін
бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысының 2021 жылғы 17 ақпандағы №19 «Батыс Қазақстан облысы бойынша бәсекелес ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесін бекіту туралы» қаулысымен бекітілген Батыс Қазақстан облысы бойынша бәсекелес ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы», «Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы», «Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы», «Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемелері, Ақжайық, Бөкей ордасы, Бөрлі, Казталов, Жанақала, Жәнібек, Бәйтерек, Қаратөбе, Сырым, Теректі, Тасқала, Шыңғырлау аудандары және Орал қаласының әкімдіктері осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. 2021 жылғы 22 ақпандағы №22 «Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 17 ақпандағы №19 «Батыс Қазақстан облысы бойынша бәсекелес ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысының күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары А. А. Нұралиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі



Е. Есқалиев

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қазақстан Республикасының заңдары мен ережелерімен белгіленген тәртіппен бекітіледі және есепке алынады. Бланк бойынша берілген мәліметтердің дәлдігі мен толықтығы үшін басқару органдарына қол жеткізілетін қосымша материалдар берілмегендігі туралы мәлімет берілген.